

"Шымкент қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 2 маусымдағы № 319 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Шымкент қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 1486 қаулысы. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2023 жылғы 1 шілдеде № 186-17 болып тіркелді

Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шымкент қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 02 маусымдағы № 319 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 107 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Шымкент қаласының мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оның ресми жарияланғанынан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Шымкент қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

М. Айтенов

Келісілді

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт министрлігі

Шымкент қаласы
әкімдігінің 2023 жылғы
"29" маусымдағы
№ 1486 қаулысына қосымша
Шымкент қаласы әкімдігінің
2020 жылғы "2" маусымдағы
№ 319 қаулысына қосымша

Шымкент қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі

р/с №	Ескерткіштің атауы	Ескерткіштің түрі	Ескерткіштің орналасқан жері

1	Металлургтар сарайы 1950 ж. ортасы	қала құрылысы және сәулет	Тұран ауданы, 1 Мамыр көшесі, 10
2	Тұрғын үй XX ғ. басы	қала құрылысы және сәулет	Әл-Фараби ауданы, А.Анаров көшесі, 22
3	Никольский шіркеуі XX ғ. . басы	қала құрылысы және сәулет	Әл-Фараби ауданы, Қазыбек би көшесі, 34
4	Мектеп 1950 ж. ортасы	қала құрылысы және сәулет	Тұран ауданы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 12
5	Шымкент қалашығы б.з.д III-II ғғ. б.з.-XIX ғғ.	археология	Әл-Фараби ауданы, Әйтеке би көшесі, № 30/ 29
6	Оба (патшалық) I-IV ғғ.	археология	Қаланың солтүстік бөлігі, Д.Қонаев даңғылы мен Т.Рысқұлов көшесінің қиылысы
7	Оба қорымы (4) б.з.д. I мың ж.	археология	Бадам өзенінің сол жағасы, Шымкент қаласынан Ташкент қаласына шығар жолда
8	Жеке оба б.з.д. I мың ж.	археология	Бадам өзенінің сол жағасы, "Шымкентмай" АҚ қарсы бетте